

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП / БАЯНДАМАЛАР

Сабақтағы кері байланыс

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.10.2017СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/19076/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Абишева Бакытгул Карбозкызы

Мақсаты: Тиімді кері байланысты ұйымдастырудың техникаларын қолдануға үйрену**Күтілетін нәтиже:**

- Кері байланыс туралы және оның түрлерін біледі
- Кері байланысты жүргізу мақсатын түсінеді
- Кері байланыс пен рефлексияны ажырата алады

Тренинг: «Топтық жұмысты негіздеу»

Сұрақтар бойынша жеке жұмыс:

1. Кері байланыс дегеніміз не? Кері байланыстың қандай түрлері білесіз?
2. Кері байланыс не мақсатпен жүргізіледі? Кері байланыс сабақтың қай кезеңінде жүргізіледі? Рефлексия мен кері байланыс синоним сөздерме?

Сұрақтар бойынша топқа бірігу, топта талқылау, топтық қорытынды

10 мин

Топқа бөлу (жастарына байланысты бөлу)

1-таратпа

2. Кері байланыс: «Бір қадам артқа»

1. Кімде қандай сезім болды? Бұл жұмыс не мақсатпен ұйымдастырылды? Ағаштың қай тұсында тұрғаныңызды негіздеңіз. 5 мин

3. Әр топ ватман қағаздарға төмендегі сұрақтарды топтардатып талқылап,

1 сөйлемнен жауап жазып, «Конвеер» әдісімен («сағат тілімен») топтарға жылжытып отырады. Әр топтың өз қағазы келгенде тоқтатылады, топтар жауаптармен танысып, тұжырымдайды. Әр топтан 1 адам қорғайды

Мақсаты:

1. Кері байланыс дегеніміз не? Кері байланыстың қандай түрлері білесіз?
2. Кері байланыс не мақсатпен жүргізіледі? Кері байланыс сабақтың қай кезеңінде жүргізіледі? Рефлексия мен кері байланыс синоним сөздер ме? 15-20 мин.

4. Кері байланыс: «Бір қадам артқа»

1. Әдіс ұнады ма? Несімен ұнады/ұнамады?
2. Бұл әдістің қандай тиімді/тиімсіз тұстары бар?
3. Не үйрендіңіздер?
4. Не қиын/оңай болды? Неге? 5 мин

5. ББҮ кестесі. Жеке жұмыс Презентация 1, 2-слайд

Мақсаты: Кері байланыстың техникасын қолдану, үйрену 5 минут

2-таратпа (ББҮ кестесі+ПММ)

6. Кері байланыс: «Бір қадам артқа»

1. Әдіс ұнады ма? Несімен ұнады/ұнамады?
2. Бұл әдістің қандай тиімді/тиімсіз тұстары бар?
3. Сабақтың қай кезеңінде қолдануға болады?
4. Не мақсатпен қолданылады? 5 мин

7. Презентациямен жұмыс 1-14 слайдтар

Мақсаты: Кері байланыстың мақсаты, тиімділігі, түрлері туралы және алғашқы жасаған жұмыстарын толықтыру, өзгерістер, толықтырулар енгізу 20 мин.

8. Тренинг: Колин Ноблдың тәжірибесінен. Мақсаты: бір-бірін бағалауға және кері байланыс сұрақтардың техникасын үйрену.

Мұғалімдерге сұрақ қойылады:
Қазақстан құрылыстан еш не және қай мемлекеттермен шекараласады? Топтатып талқылап,

жауабынайтуға 1 мин уақытберіледі. (5 мемлекет: Қытай, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан және Түркменстан). Жауаптарын сұралады.

Келесі тапсырма: жеке жұмыс: Қазақстан картасын салу, шекаралас мемлекеттерді орналастыру.

Келесі қадамда ҚР картасын слайдтан көрсетіледі. Әркім өзін салған картасын салыстырады, бағалайды.

Келесі жұптық жұмыс: Жұпта бір-бірінің картасын тексереді, жұмысты жетілдіруге байланысты формативті бағалау жасайды. Бір-біріне 2 жұлдыз 1 тілек жазады.

20 мин

9. Синквейн немесе бес жолды өлең стратегиясы

Оқушы берілген тапсырма бойынша өлең құрастырады. Бес жолды өлеңді құрудың ережесі мынадай:

бірінші жолда 1 зат есім,

екінші жолда 2 сын есім,

үшінші жолда 3 етістік,

төртінші жолда 4 сөзден тұратын сөйлем яғни ойды түйіндеу,

бесінші жолда тақырыпқа байланысты 1 синоним

сөз жазылады.

Кім? Кері байланыс

Қандай? Ауызша, жазбаша

Не істеді? Бағалайды, көмектеседі, қолдайды.

Түйін Кері байланыс өтетиімді.

Синоним үдеріс

10. Сабақ соңындағы кері — байланыс. «Тазалық» ойын түрінде алу.

Қатысушыларға бір парақ беріледі. Онда мыналар салынған:

Чемодан (суреті) қоқыс жәшігі (суреті) еттартқыш (суреті)

— Құрметті әріптестер, бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды

чемоданға салыңыздар (жазыңыздар), бүгін сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгін ақпараттың ішінде әлі оқуымыз керек, толықтыруымыз керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)

Осылайша қатысушы мұғалімдердің коучингтен не білім алғандарын көрсетеді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.